

**ӘОЖ 373.21****Г.К. Байжунусова**

Павлодар обл., Качир ауданы, Қ. Оспанова атындағы № 3 мектеп, «Балапан» шағын-орталығы

**А.К. Сатынская**, педагогика ғылымының кандидаты

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

E-mail: gulzhanka95@mail.ru

**Мектеп жасына дейінгі балалардың көркем әдебиет арқылы тілдерін дамыту**

*Аңдатпа.* Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тілдерін дамытудың әдіс-тәсілдері қарастырылады. Баланың күрделенген іс әрекеті сөйлеу тілін дамыту бірнеше бағыттарда жүреді, олар өзге адамдармен қарым-қатыныста қолдану жетілдіріледі, сонымен қатар сөйлеу тілі психикалық үрдістердің қайта құрылуының негізі, ойлау құралы ретінде болады.

*Түйінді сөздер:* сөйлеуді дамыту, сөздік қор, тілдік қатынас, әдіс-тәсілдер.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде күннен-күнге жаңару үстіндегі әлемде бейімделу қабілеті жақсы жетілген бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген педагогика-психологиялық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жастың зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын анықтайтын шарт екендігін дәлелдеді. Уақтылы берілген білім, баланың фундаментальді дамуына тигізер үлесі зор қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына балабақша тәрбиешілерінің сіңіретін еңбегі орасан зор. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталған орынды. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алды десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан – жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті әсер тигізіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады. Баланы мектеп алды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен өзектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады.

Балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыту кезінде ертегінің алатын ролі өте зор. Ертегі – қай халықтың фольклорында да ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі, ертегінің мектеп жасына дейінгі балаға тигізер әсері мол. Бала тұлғасының интеллектуалды-шығармашылық және креативті әлеуметін дамыту мәселесі ғаламдық білім беру кеңістігінің басты міндеттері болып табылады.

Қазақ ауыз әдебиеті – талай ғасырдан келе жатқан мұра, бай асыл қазына. Одан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз. Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі түрлеріне мақал – мәтелдер мен жұмбақтар, санамақтар мен ертегілер, жаңылтпаштар жатады. Бұлардың бәрі Отанды сүйуге, ерлікке, елін қорғауға тәрбиелейді. Халық ауыз әдебиетінен сусындаған баланың тілі үшқыр, ойы зерек, алғыр, қиялын шарықтатып тіл байлығын молайтады. Ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстыру үшін, алдымен оқылатын материалдың көлемін, мазмұнын жас ерекшелігіне байланысты анықтап алу керек.

Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ-жаңылтпаштары мен ертегілері болсын – бәрі де балаларды Отанын сүйуге, ерлікке, елін қорғауға үндейтіні белгілі. «Сөздің көркі – мақал» деп халық бекер айтпаса керек. Балаларға арналған мақалдар білім алуға, оқуға шақыра отырып, олардың тілін ширатуды көздейді. Мысалы «Өнер – бұлақ, білім – шырақ» т.б. сияқты мақал-мәтелдеріміз балаларға терең ой салып, көркем сөйлеуге жаттықтырып, сөздік қорын дамытса, жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой – қиялын ұштастыруға көп әсер етеді. Мысалы:

1. Түнде күлімдейді,

Суда дірілдейді. (Ай)

2. Дымқылдап күнде сен

Қолыңа сүйкесең,

Кетіп кір-ласың

Тап- таза боласың

Бұл не? (Сабын)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр – жаңылтпаш. Балалар жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйренеді. Мысалы, «Гүлім гүлге қарап күлімдеді, Көгілдір гүлге қонған аралар гүлдеді», «Ертегісіз өскен бала рухани мүгедек адам» – деп Б. Момышұлы айтқандай қазақ фольклорындағы ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі – ертегілер. Ол ұрпақтан-ұрпаққа тараған мол мұра. Ертегінің мектеп жасына дейінгі балаға тигізер әсері мол. Ертегі баланы төзімділікке, шыдамдылыққа, тапқырлыққа, еңбекқорлыққа шақырып, мақтаншақтық пен сараңдықты табалайды. Әділеттілікті қолдап, сезімтал ұяң мейірімді жандарды алдау мен арбаудан қорғайды. Балалар жағымсыз кейіпкерлердің жаман әрекеттерінен алаң [1].

Қазақ ертегілері мазмұнына байланысты 4-ке бөлінеді:

- Қиял-ғажайып ертегілер.
- Хайуанаттар туралы ертегілер.
- Тұрмыс-салт ертегілері.
- Шыншыл ертегілер.

Мектеп жасына дейінгі балаларға осы аталғандардың бастапқы екі түрі оқытылады. Оқу жұмысы балалардың жас ерекшелігіне орай жоспарланады. 3–4 жастағы сәбилер тобында ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады. 5-6 жастағы ересек балалар тобында оқығанды тыңдату мен әңгімелеп беру қатар жүргізіледі [2].

Балаларға ертегіні сабақта және сабақтан тыс уақыттарда да өткізуге тиімді. Сонымен қатар, күннің екінші жартысында айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен түрлі көңіл көтеру ойындарын жүргізуге болады. Балаларға ертегілерді үстел үсті театры, саусақ театры, мысалы, «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сурет немесе слайд бойынша әңгімелеу арқылы, «Бауырсақ» ертегісін қуыршақ театры арқылы, «Мақтаншақ қоян», «Қоянның үйшігі» ертегілерін драматизациялау арқылы, «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісін көлеңке театры арқылы, «Шалқан», ертегілерін атрибуттармен сахналау тәсілдері арқылы үйретемін. Осы аталған ертегілерге практика жүзінде мен ертегі персонаждарының қуыршақтарын, костюмдерін, көрнекіліктерін жинақтадым. Әр ұйымдастырылған іс-әрекеттерді мен балаларға қызықты етіп өткізуге тырысамын [3].

Ертегі арқылы мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамыту жолдарын толық қарастырсақ. Мектепке дейінгі жасөспірім бала тілін дамытуда сахналық қойылым маңызды рөл атқарады. Сахналық қойылым әр баланың көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Балалар рөлге енеді, көркемдік оқу әдісі, кейіпкер бейнесін сомдауы, сөйлеу мәнері, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады. Сөйлеу логикасы мен дикциясын, дұрыс артикуляциясын меңгере біледі, тілі дамиды [4].

Театр – бұл көркем өнерінің бір түрі. Мектепке дейінгі бала тәрбиесінде қуыршақ театрының алатын орны ерекше. Театрға деген қызығушылығын балабақшадағы шағын ғана қуыршақ театры арқылы жүзеге асыруға болады. Мысалы «Үйшік», «Шалқан», және т.б.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың тағы бір жолы-бейнеролик арқылы жұмыс. «Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген қағидаға сүйенсек, бала бейнеролик арқылы ертегіні экраннан тамашалай отырып, жүйелі ойлауға және ойын нақты жеткізе білуге, ертегі құрылымын жалғастыра таба білуге үйренеді. Мысалы: «Мақта қыз бен мысық», «Бауырсақ», т.б ертегілерін бейнеролик арқылы көріп болған соң, тапсырмалар беріледі. Мақсаты: ертегі желісін рет-ретімен шатастырмай жүйелеп айтқызу. Тапсырманы орындату үшін ертегі желісін баяндайтын суретті сызбанұсқаны пайдаланадым. Бұл сызбанұсқа арқылы жұмыс жасай отырып, балалар ойларын жүйелеп, ертегінің кейіпкерлерін шатастырмай сөйлетіп шықты.

Бүгінгі таңда бала тілін дамытудың таптырмас құралы- интерактивті ойындар. Интерактивті ойынында түрлі ертегі бар. Қалаған ертегіні бала ойыншыққа қойып тиісті батырманы басып, бала әуенмен қалаған ертегіні тыңдай алады. Нәтижесінде бала ақпараттық құралмен жұмыс жасауды меңгеріп қана қоймай, екі-үш сөйлемнен тұратын шағын мәтін құрағанын байқамай да қалады. Жоғарыда таныстырылған бала тілінің дамытудың әдіс- тәсілдері тәрбиешіге көмекші құрал ретінде ұсынылады.

Қорытындылай келе, бала тілін дамытуда, ой – өрісін кеңейтуде халық ауыз әдебиетін балабақшада пайдаланудың маңызы зор. Баланы көркем әдебиет мәдениетіне баулуды ерте жастан бастаған дұрыс. Бала шығармашылығы еліктеуге негізделген, ол баланың дамуында, тілін дамытуда негізгі фактор болып табылады. Алдағы жұмыстарымызда біз халық ауыз әдебиетінің барлық түрі мен формаларын енгізіп, тиімді пайдаланатын боламыз, себебі халық ауыз шығармашылығынсыз баланың патриоттыққа, адамгершілікке тәрбиелеу мүмкін емес.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

- 1 Аймауытов Ж. Психология: оқу құралы. – Алматы, 1994.
- 2 Федоренко Л.П. и др. Методика развития речи у детей дошкольного возраста. – Москва, 1977.
- 3 Аймауытов Ж. Тәрбиеші жетекші. – Орынбор, 1924.
- 4 Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту/ А.Е. Алдабергенова/ Бала мен балабақша. – Алматы, 2002.

#### **REFERENCES**

- 1 Aymayuytov G. Psychology: oku kuraly. – Almaty, 1994.
- 2 Fedorenko L.P. i dr. Metodika razvitiya rehi u detey doschkolnogo vozrasta. – Moskva, 1977.
- 3 Aymayuytov G. arbieschi zetekschi. – Orenburg, 1924.
- 4 Kazhenbaeva A.E. Bala tanymin oyinmen damyту /A.E. Aldabergenova/ Bala mty balabakscha. – Almaty, 2002.

**РЕЗЮМЕ****Г.К. Байжунусова***Павлодарская область, Качирский район, ГУ школа №3 имени К. Оспановой, мини-центр «Балапан»***А.К. Сатынская**, кандидат педагогических наук*Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)****Развитие языка у дошкольников через художественную литературу****В статье на примере художественной литературы описано использование методов и приемов развития речи у детей дошкольного возраста.***Ключевые слова:** *развитие речи, словарный запас, языковое общение.***RESUME****G.K. Baizhunosova***Pavlodar region, Kachiry area, school №3 named after K.Ospanova, mini-center "Balapan"***A.K. Satynskaya**, *Candidat of pedagogical Sciences**Innovative University of Eurasia (Pavlodar)****Development of language in preschool children through fiction****The article considers methods and techniques of speech development in preschool children by means of fiction.***Key words:** *speech development, vocabulary, language communication*